

Қуандық ЕРАЛИН, Ғазиза ЕРАЛИНА

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ КӨРІНІСІ

В статье раскрывается традиции казахского народа в изобразительном искусстве Казахстана. В произведениях известных художников М.Кисамеддинова, Т.Досмаганбетова, К.Баранова, С.Романова, К.Телжанова отражены популярные традиции казахского народа.

Kazak resim yapma sanatında Kazak halkının geleneklerini tasvir eder ressamlar İ.Kisameddinov, T.Dosmaganbetov, K.Baranov, S.Romanov, K.Telcanovun eğitim açısından büyük önemi taşıyor eserleri vardır. Onlarde kahramandiküi, yaşam, şen, emek, müzisyenlik gelenekleri içerilmiştir. Bunları öğrenciler eğitiminde kullanma, bugünül aktüel problemlerinden biridir.

Қазақ халқының дәстүрлері ежелден келе жатқан ұлттық мәдениеттің бір бөлігі. Ғасырлар сынынан екшеліп, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып келе жатқан салт-дәстүрлердің озық үлгілері жеке тұлғаның жан-жақты дамуына септігін тигізеді. Бүгінгі таңда қазақтың салт-дәстүрін жинақтап зерттеудің, оның айналасындағы тәлім-тәрбиесі, мол тәжірибесі негізінде жас өспірімдерді тәрбиелеудің қажеттігі өсе түсуде.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін тәлімдік мұра ретінде жас ұрпаққа үйретудің қажеттігі туралы қазақтың ағартушы педагогтары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедовтар ерекше атап көрсетті.

Қазақ халқының салт-дәстүрлерін зерттеуге философтар Н.Сәрсенбаев, М.Орынбаев, этнографтар Ә.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, С.Кенжеахметов, тарихшылар Л.Гумилев, М.Қозыбаев, фольклористер мен әдебиетшілер В.Радлов, А.Диваев, М.Жолдасбеков, А.Құралұлы салмақты үлес қосқан.

Ұлттық салт-дәстүрлердің таным мен тәрбиелік мүмкіндіктері туралы этнопедагог ғалымдар Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Қ.Болеев, С.Ұзақбаева, Қ.Қожақметовалар бағалы пікірлер айтқан.

Қазақ халқының дәстүрлеріне берілген талдау нәтижесі, оның қалыптасуына елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы, табиғаты, халықтың рухани өмірі сияқты бірнеше факторлар әсер еткендігін көрсетеді.

Қазақ халқының дәстүрлеріне халықтың дүниетанымы, ойы, арман-мүддесі беріледі, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, жаңарып отырады. Жана қоғамдық қатынастарға қайшы келетіндері жойылып, өмірге қажеттері дамып, жаңа мағынаға ие болады. Олардың басқа халықтардан дәстүрлі үлгілермен байланыстығы, ұқсастығы және өзгешеліктері көрініс табады. Сонымен қатар салт-дәстүрлердің жеке ұлтқа ғана тән белгілері болатындығы да белгілі.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері бала тәрбиесіне тұрмысқа, кәсіпке, өнерге, үйлену мен үй болуға байланысты және қазіргі заманғы салт-

дәстүрлер болып бөлінеді.

Салт-дәстүр дегеніміз бір ұрпақтан келесі ұрпаққа ұдайы ауысып отыратын әрі сан ғасырлар бойы тарихи тұрғыдан әбден қалыптасқан адамдар қарым-қатынастарындағы әлеуметтік, көркемдік нормалар мен принциптер болып табылады.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері қазақ бейнелеу өнерінде ерекше көрініс тапқан. Қазақ халқының ерлік салт-дәстүрлері, қазақ бейнелеу өнерінің ерекше саласын құрайды. Халықтық ерлік салт-дәстүрлері дегеніміз ғасырлар бойы қалыптасып, дамып отырған азаматтардың елі мен жерін қорғауға бағытталған іс-әрекеттерінің нормасы, қарым-қатынастар болып табылады.

Қазақ бейнелеу өнерінде халқымыздың ерлік салт-дәстүрлерін бейнелейтін көптеген шығармалар бар. Олардың біркатары ежелгі аңыз-ертегілердегі батырлардың образдары. Біркатары қазіргі заманның ерлерінің көркем бейнелері арқылы беріледі. Батырлық салт-дәстүрлерді насихаттайтын бейнелеу өнері шығармаларының қатарына суретші Константин Барановтың "Асан Қайғы", "Қазақ эпосы", "Қыз Жібек" "Төлеген", "Қамбар батыр", "Алпамыс батыр", "Қобыланды батыр" иллюстрациялары кіреді. Мұның қатарына суретшінің "Махамбет", "Жауынгер мен қыз", "Жекпе-жек", "Қасқыр соғу" шығармалары қосылады.

Қазақ бейнелеу өнеріндегі ерлік салт-дәстүрлерді бейнелейтін суретшілер арасында М.Қисамеддиновтың "Махамбет", Т.Досмағанбетовтың "Аменгелді", А.Накысбектовтың "Рейхстаг шабуылына қатысушы Р.Қошқарбаевтың портреті" атты картиналары ерекше орын алады.

Қазақ бейнелеу өнер "Дәмді шай" натюрморттары жастарға өз ұлтының қайталанбайтын тұрмыстық салт-дәстүрлік ерекшеліктерін көрсететін туындылар.

Сонымен қатар суретші Қ.Телжановтың "Домбыра үні", "Ата-баба жерінде", Қ.Шаяхметовтың "Тойға", "Туған ауылда", Е.Сидоркиннің "Бесік", "Сұлу қыз", Ш.Кенжебаевтың "Өрмек тоқу", Ш.Сариевтың "Отбасы", Б.Табиевтың "Төл алу", М.Аманжоловтың "Қыстау" атты картиналары қазақ даласының кеңдігін, қазақ халқының мінез байлығы мен қазақ отбасының береке бастауы екендігін көрсетуге бағытталған көркем өнер шығармалары.

Ұлттық салт-дәстүрлерінің қатары үйлену мен үй болуға байланысты болып келеді. Мұндай салт-дәстүрлер көптеген суретшілер шығармаларында көрініс тапқан. С. Романовтың "Үйлену тойы", "Қымызхана", Қ.Телжановтың "Бүркітпен аң аулу", "Қыз қуу", "Көкпар", "Ат жарыс", "Әңгіме", "Айтыс",

Т.Тоғысбаевтың "Дала балладасы", Г.Исмайловтың "Қазақтың бас киімі" шығармаларында айқын көрсетілген. Картиналардағы көріністер халқымыздың көркем салт-дәстүрлерін жас ұрпаққа айқын жеткізудің бір ерекше мүмкіндігі.

Қазақ халқының еңбектегі ерлік дәстүрлері М.Кенбаевтың "Шопан әні", "Туған ауылда", С.Айтбаевтың "Жас қазақтар", Қ.Телжановтың "Шопандар", В.Антошенко-Оленовтың "Еңбек ері Ы.Жақаевтың портреті",

Б.Төленовтың "Еңбек ері Жансұлтан Демеевтың портреті" , В. Крыловтың "Ертең орақ", "Алғашқы тың игеруші Еңбек ері Иван Ивановтың портреті", А.Дроздовтың "Алғашқы Брозда. Тың сериясы" атты картиналарда айшықты бейнеленген.

Еңбек салт-дәстүрін бейнелейтін суретшілер С.Романовтың "Жайлау кеші", Қ.Телжановтың "Шопандар", С.Айтбаевтың "Бақыт", Қ.Шаяхметовтың "Шопан әні", "Өңгіме", "Киіз басушылар", Ш.Кенжебаевтың "Өрме тоқу", "Менің ауылымның адамдары", С.Мәмбеевтің "Киіз үй жанында" атты көркем шығармалары бар. Бұл картиналарда жастарды еңбек сүйгіштікке, еңбек адамына құрметпен қарауға үйрететін, ұлттық көркем еңбекті сүйіспеншілікпен көре білетін, жас ұрпақ тәрбиесіне игі ықпал ететін адамгершілік жоғары мұраттар жатыр.

Қазақ халқының әншілік салт-дәстүрлері суретшілер И.Исабековтың "Айтыс" линегравиюрасында, М.Қисамеддиновтың "Махамбет", Қ.Телжановтың "Домбыра үні", А.Черкасскийдің "Жамбыл мен Дина", С.Романовтың "Құлагер", "Кісен ашқан", "Домбырашы", "Ән қанаты", К.Барановтың "Махамбет дастандары" атты шығармаларында шынайы суреттелген. Олар өнердегі белгілі кезеңдер, ерекше тұлғалар образдары болып бөлініп, дәстүр жалғастығын көрсетеді.

Қазақ бейнелеу өнеріндегі ұлттық салт-дәстүрлер бейнеленген шығармаларды талдай келе мынандай қорытынды шығару қажет:

1. Қазақ бейнелеу өнеріндегі салт-дәстүрлер көрінісі жас ұрпаққа адамгершілік, әсемдік, үлкенді сыйлау сезімдерін қалыптастыратын рухани тәрбие көзі.

2. Қазақ бейнелеу өнеріндегі салт-дәстүрлер көріністерін бала тәрбиесінде, тұрмысқа, өнерге, үйлену мен үй болуға, той мерекеге, ерлікке, көркем өнерге, музыкаға байланысты және қазіргі заманғы салт-дәстүрлер түрлеріне бөліп қарауға болады.

3. Қазақ бейнелеу өнеріндегі салт-дәстүрлер көріністері қазақ суретшілерінің шығармашылығында үнемі жалғасып отыратын өміршен тақырып болып табылады.

RESUME

Eralin K., Eralina G. (Turkestan)

Place of traditions and customs in the Kazakh painting art

There are many painters knowing kazakh people's customs in the kazakh art: They are M.Kisameddinov, T.Dosmaganbetov, K.Baranov, S.Romanov, K.Teljanov. They have many scientific works which has educational aim. In this scientific work we can see heroism, vital, labour festal. To use this habits in educational of pupils is the main aim of this time.